

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ

Жұмахан А.С.

**" МРЭК" АҚ 110 кВ " Старый город" қосалқы станциясын қайта
құрылымдау**

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

мамандығы 5B071800 - Электр энергетикасы

Астана 2015

Кіріспе

Электрмен жабдықтау жүйесі деп электр энергиясын өндіру, жеткізу және тарату үшін арналған құрылғылар комплексін айтады.

Өндіріс пен адамдардың тұрмысында электр энергияны тұтыну мен тарату техникалық процестің маңызды факторы. Өндірістік кәсіпорындардағы электр энергиясының негізгі тұтынушыларына электр жетектері, электр қыздырғыш қондырғылары, электрмен жарықтандыру жатады.

Қосалқы станциялар энергожүйенің маңызды бөлігі болып табылады. Қосалқы станциялар электр энергиясын қабылдауға, түрлендіруге және оны әрі қарай таратуға арналған.

Электрмен жабдықтау жүйесінің өндіріс процесіне тигізетін әсері өте көп. Өндірістік процестің – өндіріс кәсіпорындар жұмысының қалыпты режимін қамтамасыз ететін электр жетектерінің және өндірісті электрмен жабдықтау жүйесінің көрсеткіштерімен анықталатынын айтқан жеткілікті.

Электр энергия қабылдағыштарының жұмысы оның сапасына тәуелді. Электр энергиясының сапасы, мәселен кернеудің ауытқуы электр жетектерінің қозғалу жылдамдығының өзгеруін тудырады. Осы жағдай өндірістік механизмдердің өнімділігінің төмендеуіне немесе ұлғаюына әкеледі. Кернеудің ауытқуының үлкен шамасы өндіріліп шығарылатын өнімнің жарамсыздығына және өнімнің сапасының төмендеуіне әкеледі, тіпті өндірістің мүлдем тоқтауы мүмкін.

Энергияны беру сенімділігі жоғары болу керек, себебі электрмен жабдықтау жүйесінің апаттық жағдайлары халық шаруашылықты үлкен залалға әкеліп соғады. Сондықтан ол үшін экономикалық шарттарын ескере отырып тұтынушылардың электрмен жабдықтауы сенімді болуы қажет.

Тұтынушыларды электр энергиясымен тұрақты қамтамасыз ету қосалқы станция сенімділігімен байланысты. Сондықтан қосалқы станцияның электрлік қосылу сұлбасы тұтынушыларды электр энергиясымен тұрақты қамтамасыз ететіндей етіп жобалау керек. Қосалқы станцияның қосылу сұлбасы тұтынушыларды қалыпты және апаттан кейінгі режимдерде электр энергиясымен тұрақты қамтамасыз ету, әрі қарай даму мүмкіндігін ескеру, апаттан қорғау шарттарына сай келу, көршілес қосуларды ажыратпай-ақ жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік жасау керек.

1990 жылы Қазақстанның 104,7 млрд. кВт · сағат электр энергиясы қажеттілігіне оның өзіндік өнімділігі 87,4 млрд. кВт · сағатты ғана құрады. Қазақстанның барлық электр беріліс әуе желілерінің ұзындығы 454707 км.

Ұсынылып отырған дипломдық жобада кернеуі 110/35/6 кВ «Жетібай» қосалқы станциясының АТҚ-110 кВ қайта құрылымдауы қарастырылған.

Терминдер мен анықтамалар

Осы дипломдық жобада сәйкесінше анықтамалармен төмендегі терминдер қолданылады:

Электрқондырғы - электрлік энергияны тарату, беру, трансформациялау, өндіру және энергияның басқа түріне түрлендіруге арналған қосымша құрылғылар мен электрберіліс желілерінің, аппараттардың, машиналардың жиынтығы.

Электрлік станция - электрлік энергия өңделетін кәсіпорын.

Электртұтынушы - электрмен тұтынудың жалпы пунктіне электрлі тораптардың көмегімен жалғанған кәсіпорынның, корпустың, цехтың өндірістік қондырғыларының электрқабылдағыштар жиынтығы.

Энергетикалық жүйе - жылулық және электрлі энергияны таратудың, түрлендірудің, өңдеудің жалпы және үздіксіз процесімен біріктірілген, жылулық тораптар мен қабылдағыштардың, қосалқы станциялардың, электрберіліс желілерінің, электрлік станциялардың жиынтығы.

Электрэнергетикалық жүйе - электрэнергия қабылдағыштарынан және электрлі тораптар желісінен, жоғарылататын және төмендететін қосалқы станциялардан, тарату құрылғыларынан, генераторлардан тұратын энергетикалық жүйенің бөлігі.

Электрлі торап - белгілі территорияда жұмыс істейтін, электрберіліс желілерімен жалғанған, тарату құрылғыларынан және қосалқы станциялардан тұратын, электрэнергияны тартау мен беру үшін арналған электрқондырғылардың жиынтығы.

Қысқа тұйықталу - әртүрлі фазаға қатысты ток өткізгіш бөліктер арасындағы қалыпты режиммен қарастырылмаған тұйықталу.

Қалыпсыз режим - электр торабы параметрлерінің рұқсат етілген мәндерінен ауытқуы.

Жерге тұйықталу - қалыпты режиммен қарастырылмаған ток жүретін бөліктердің жерге тұйықталуы.

Токты қорғаныс - әсер етуші шамасы ток болып келетін қорғаныс.

Белгілер мен қысқартулар

Осы дипломдық жобада төмендегі қысқартулар қолданылады:

ЭҚКЕ - электр қондырғыларын құру ережелері;

ЭҚ - электр қабылдағыш;

ҚС - қосалқы станция;

ЭБЖ - электр беріліс желісі;

ЖК - жоғары кернеу жағы;

ТК - төменгі кернеу жағы;

ТП - таратқыш пункт;

ӘЖ - әуе желісі;

ҚТ - қысқа тұйықталу;

РАҚ - резервті автоматты қосуы;

АТҚ - ашық тартау құрылғысы;

КТҚ - комплектті тарату құрылғысы;

АҚҚ - автоматтық қайта қосылу;

МТҚ - максималды токты қорғаныс;

ЖТҚ - жабық тарату құрылғысы;

ЖТҚЕ - элегаз оқшауламалы жинақы тарату құрылғысы;

КАР - кернеу астында реттеу;

ТВИ - төменвольтты импульстер;

ӨМТ - өзіндік мұқтаждық трансформаторы;

ЖҚ - жерлендіруші құрылғы;

АКШ - асқын кернеуді шектеуіш;

СВА - секциондық вакуумды ажыратқыш;

ОБҚ - объектімен байланыс құрылғысы;

ТҚС - трансформаторлы қосалқы станция;

ТҚ - таратқыш қондырғы.

1 Қосалқы станциясының электрмен жабдықтайтын объектілерінің сипаттамасы

1.1 Қысқаша технологиялық және энергетикалық сипаттама

Қайта құрылымдалынатын 110/10 кВ "Старый город" қосалқы станциясы (ҚС) Атырау облысы, Атырау қаласында орналасқан. "Старый город" қосалқы станциясы қоректі екі жағынан алады: "АТЭЦ" АТҚ-сы арқылы алатын болса, ал екінші жағынан "Гурьев-220 " қосалқы станциясы арқылы алады.

"Жетібай" қосалқы станциясының 6 кВ кернеулі шиналары өзіндік керекті қорегі ретінде пайдаланылады.

Кесте1.1

“Макинск” қосалқы станциясының әуе желілеріне қосылған ҚС-лардың жүктемелері

ӘЖ аталуы мен кернеуі	ҚС-тар аталуы	S, МВА	cosφ	P, МВт	Q, Мвар
	Западная	35	0,84	29,4	19
	Жұмыскер	14	0,85	12	7,37
	№17	22,4	0,83	18,6	12,5
	Аэропорт	14	0,85	12	7,37
	№110	14	0,84	11,7 6	6,38
	Старый город	14	0,83	11,6 2	6,48
	№12	35	0,82	28,7	16,42
	№11	22,4	0,83	18,6	10,37

1.2 Объектілерді электрмен жабдықтау сұлбалары

"Старый город" қосалқы станциясы таратушы тораптарды қоректендіру көзі болып табылады. Ол электр энергия тұтынушыларынан оптималды ара қашықтықта, яғни таратушы тораптардың жүктемелерінің ортасында орналасқан.

Құрамына байланысты таратушы тораптар радиалды, магистральды және аралас болып бөлінеді. Оларда біржақты немесе екі жақты қорек көзі болуы мүмкін. Радиалды сұлбада - қоректендіру көзінің шиналарынан әрбір тарату құрылғысына немесе трансформаторлы қосалқы станциясына сәйкес желілер шығады. Үшінші категориялар үшін олар жалғыз, ал аса маңызды тұтынушылар үшін - бір-бірінен тәуелсіз екі қорек көздері арқылы қосарланып жасалады.

Радиалды сұлбалар - бірсатылы. Егер, бірнеше тарату құрылғысы тізбектей қосылған болса, онда сұлба көпсатылы болады. Радиалды сұлбалардың пайдалануы қарапайым және сенімді.

Қосылу түйіндердің санын азайту және капиталды шығындарды төмендету үшін магистральды сұлбалар қолданады. Мұнда тарату пункті мен трансформаторлы қосалқы станциясы бірінен соң бірі бір немесе екі параллель желіге қосылады. Бір жақты қорек көзі бар магистральды сұлбалар тек үшінші категориялы тұтынушылар үшін қолданылады. Магистральды сұлбалардың сенімділігі және пайдалану қолайлығы радиалды сұлбалардан төмен. Электрмен жабдықтау сенімділігін жоғарылату үшін екі жақты қорек көзі бар магистральды сұлбаларды қолданады. Қалыпты режим кезінде магистральды тарату құрылғыларының немесе қорек көздерінің біреуінде орнатылған секциялық коммутациялық аппаратты ажыратылған жағдайда ұстау керек.

Екі магистральды сұлбалардың сенімділігі жоғары. Оларды екі трансформаторлы қосалқы станцияларын немесе екі шиналы секциясы бар тарату құрылғыларын қоректендіру үшін пайдаланады. Бұл сұлбада трансформаторлар мен шина секциялары жұмысты бір-бірінен бөлек істейді. Магистральдің біреуі зақымдалған кезде тұтынушылардың жартысын ғана, оларды екінші магистральге қосуға қажет уақытқа ғана қорек көзінен ажыратылады. Егер магистральдер әрбіреуі жеке қорек көзіне қосылса, онда бұл сұлбаның сенімділігі өте жоғары болады. Бұл сұлбаларды бірінші категориялы тұтынушыларды қоректендіру үшін қолданады.

Кернеуі 110 кВ және одан жоғары тораптар трансформаторлардың нейтралінің жерге қосылу режиміне тәуелді нейтралі жерге қосылған және доға сөндіргіш реакторлар арқылы нейтральдары оқшауланған болады.

"Старый город" қосалқы станциясында магистральды сұлбасын пайдаланамыз. "Старый город" қосалқы станциясынан шығатын бір желі бір трансформаторлар қосалқы станциясын қоректендіреді де, келесісіне кетеді де бірнеше трансформаторлы қосалқы станцияларын қамтамасыз етеді.

1.3 Ауданның табиғи - климаттық жағдайы

Атырау қаласында климаты қатты континенталды, жазда құрғақ, ыстық, ал қыста ылғал қармен сипатталатын салқындық. Жазы жауын-шашынсыз, құрғақ, ыстық ұзаққа созылады. Қыс мезгілінде қар аз жауып суық болады.

Қаңтар айындағы орташа температура -6°C -ден бастап -12°C -ге дейін, ал шілде айындағы орташа температура $+24^{\circ}\text{C}$ -ден бастап $+26^{\circ}\text{C}$ -ге дейін. Ең төменгі температура -38°C , ең жоғарғы температура $+45^{\circ}\text{C}$. Жауын-шашын болар-болмас деңгейде жылына орташа 150 мм, 200 мм шамасында болады. Жел бағыты қаңтар айында оңтүстік-шығыс бағытта болса, алмаусым айында батыс бағытта болады.

2 "Старый город" қосалқы станциясының қайта құрылымдауын негіздеу

1966 жылы орнатылған трансформаторлы қосалқы станциясы 50 жылға жуық уақыт бойына қызмет көрсету мерзімінен асып кетті. Барлық құрылымдар қоршаған ортаның әсеріне байланысты пайдалану процесінде тексерілді. Осы әсерлерге бетон мен металлдың тотығуы, қозғалмалы қосылымдардағы элементтердің фрикционды ұсталымы жатады. Сондықтан, ұзақ мерзімді пайдалану үрдісінде болған құралымдардың сенімділігі төмендеді. Мұндай қондырғылардың осындай жағдайы тұрғылықты пунктiлердi электрмен жабдықтауға ғана емес, сонымен бiрге қызмет көрсетушi персоналдың өмiрiне қауiп тудырады.

Қосалқы станциясын әрi қарай апатсыз қолдану үшiн жөндеу жұмыстары көлемi туралы немесе оларды қайта құрылымдау туралы сапалы және есептеулерге негiзделген шешiм қабылдау керек.

АТҚ - 110 кВ май толтырылған ажыратқыштармен орындалғандықтан, олар қазiргi заманғы ережеге сай болмағандықтан қайта құрылымдауды қажет етедi. АТҚ - 110 кВ элегазды бакты ажыратқыштарын орнатамыз.

3. "Жетібай" ҚС жүктемелерінің графиктерін құрастыру

Жеке тұтынушылардың электр жүктемесі, сәйкесінше, қосалқы станциясының жұмыс режимін анықтайтын олардың жалпы жүктемесі үздіксіз өзгеріп отырады. Осы фактілерді жүктемелер графигімен, яғни электрқондырғының қуатының уақыт бойына өзгеру диаграммасымен көрсету қабылданған.

Жүктемелер графигін электр қондырғыларының жұмысын талдау үшін, электрмен тұтыну жорамалын құру үшін, электр қондырғыларының жөндеу жұмыстарын жоспарлау үшін, сондай-ақ пайдалану процесінде жұмыстың калыпты режиміне енгізу үшін қолданады.

Жүктеменің фактылы, нақты графигі сәйкес параметрдің уақыт бойына өзгеруін тіркейтін тіркеуіш приборлар, құрылғылар көмегімен тұрғызылады. кестедегі берілгендерді қолдана отырып қысқы және жаз мезгіліндегі тәуліктік графиктерін тұрғызамыз.

Актив жүктеме графигімен шектелген аудан - шама жағынан қарастырылып отырған мерзімде электр қондырғымен өндірілетін немесе тұтынылатын энергияға тең [5]:

$$W_T = \sum P_i \cdot T_i, \text{ МВт} \cdot \text{сағ},$$

мұндағы, P_i - графиктің i -ші сатысындағы қуат, МВт;

T_i - сатының ұзақтығы, сағ.

Қондырғының қарастырылып отырған периодтағы (тәулік, жыл) орта жүктемесі мынаған тең:

$$P_{opt} = \frac{W_T}{T}, \text{ МВт},$$

мұндағы, T - қарастырылатын период ұзақтығы, сағ.;

W_T - қарастырылып отырған периодтағы электр энергиясы, МВт·сағ.

Қондырғының жұмыс графигінің тегіс еместік дәрежесін толтыру коэффициентімен бағалайды.

$$K_{mol} = \frac{W_T}{P_{max} T} = \frac{P_{opt}}{P_{max}}.$$

Жүктеме графигінің толтыру коэффициенті - қарастырылып отырған период ішінде тұтынылған электр энергиясының қондырғы жүктемесінің барлық уақытта максимал болғанда дәл осы мерзімде тұтынылатын электр энергиясы мөлшерінен неше есеге аз екенін көрсетеді.

Жүктеме графигін сипаттау үшін максимал жүктемені пайдаланудың шартты ұзақтығымен қолдануға болады [1,5].

$$T_{max} = \frac{W_T}{P_{max}} = \frac{P_{opt} T}{P_{max}} = K_{mol} T,$$

Бұл шама - электр қондырғының қарастырылып отырған периодта өзгеріссіз максималды жүктемемен неше сағат жұмыс істеу керектігін көрсетеді.

Тәжірибе жүзінде орнатылған қуатты пайдалану коэффициентін де қолданады:

$$K_{най\delta} = \frac{W_T}{T \cdot P_{max}}$$

Тұтынушылардың жүктемелерінің жалпы графигі электр энергиясын тарату кезіндегі желілер мен трансформаторлардағы қуат шығынын ескеру арқылы тұрғызылады.

Олар: тұрақты шығындар, өзіндік қызмет көрсетуге кететін шығындар, айнымалы шығындар [3,5]:

$$\Delta P_{max\text{ айн}} = 0,1 \frac{P_{(t)}^2}{\sum P_{max}} = 0,1 \frac{5,09^2}{9,8} = 2,8 \text{ MBm}$$

$$\Delta P_{мур} = 0,01 \sum P_{max} = 0,01 \cdot 9,8 = 0,098 \text{ MBm}$$

$$\Delta P_{ок} = 0,05 \cdot 9,8 = 0,049 \text{ MBm}$$

$$W = \sum P_i \cdot t_i = 56615,45 \text{ MBm} \cdot \text{сағ}$$

$$P_{opt} = \frac{\sum P_i \cdot t_i}{T} = \frac{56615,45}{8760} = 6,46$$

$$P_{max} = 9,8 \text{ MBm}$$

$$K_{mol} = \frac{W}{P_{max} \cdot T} = \frac{56615,45}{9,8 \cdot 8760} = 0,66$$

$$T_{max} = K_{mol} \cdot T = 0,66 \cdot 8760 = 5781,6 \text{ сағат}$$

немесе жүктеменің максималды сағат саны:

$$T_{max} = \frac{W}{P_{max}} = \frac{56615,45}{9,8} = 6,46$$

$$\sum P_{max} = 9,8 \text{ MBm}$$

$$\operatorname{tg} \varphi = \frac{\sum Q}{\sum P_{\max}} = \frac{6,693}{9,8} = 0,688$$

$$S_{\text{жүк max}} = P_{\max} \cdot \sqrt{1 + 0,688^2} = 13,35 \text{ MVA}$$

«Старый город» қосалқы станциясының жылдың екі мезгілі үшін есептелген тұтыну жүктемелері 4.1, 4.2, 4.3, кестелерінде келтірілген, ал сәйкесінше тәуліктік графиктер мен жылдық ұзақтық графигі жобаның сызба бөлігінің 2-парағына және А қосымшасының А.1, А.2, А.3 суретте шығарылған.

Кесте 4.1

Қыс мезгіліндегі жүктемелер шамалары

0-1	1-2	2-3	3-4	4-5	5-6	6-7	7-8	8-9	9-10	10-11	11-12	ҚЫС
5,09	3,62	3,62	3,62	4,41	6,86	7,84	8,33	6,86	4,9	4,41	3,92	P(t)
0,098												$\Delta P_{\text{тұр}}$
0,049												$\Delta P_{\text{ө.к}}$
0,26	0,13	0,13	0,13	0,19	0,48	0,62	0,7	0,48	0,24	0,19	0,15	$\Delta P_{\text{айн}}$
5,5	4	4	4	4,74	7,48	8,6	9,177	7,5	5,3	4,74	4,22	$P_{\Sigma_{\text{кс}(t)}}$
12-13	13-14	14-15	15-16	16-17	17-18	18-19	19-20	20-21	21-22	22-23	23-24	ҚЫС
3,92	5,88	6,86	7,84	8,82	9,8	9,8	9,31	8,83	7,84	6,86	6,86	P(t)
0,098												$\Delta P_{\text{тұр}}$
0,049												$\Delta P_{\text{ө.к}}$
0,15	0,35	0,48	0,62	0,79	0,98	0,98	0,88	0,79	0,62	0,48	0,48	$\Delta P_{\text{айн}}$
4,22	6,4	7,5	8,6	9,75	11	11	10,34	9,77	8,6	7,5	7,5	$P_{\Sigma_{\text{кс}(t)}}$

Кесте 4.2

Жаз мезгіліндегі жүктемелер шамалары

0-1	1-2	2-3	3-4	4-5	5-6	6-7	7-8	8-9	9-10	10-11	11-12	Жаз
3,62	2,45	2,45	2,45	3,62	4,41	6,17	6,66	6,17	4,41	4,41	3,62	P(t)
0,082												$\Delta P_{\text{тұр}}$
0,041												$\Delta P_{\text{ө.к}}$
0,13	0,025	0,025	0,025	0,18	0,2	0,4	0,45	0,4	0,2	0,2	0,13	$\Delta P_{\text{айн}}$
3,9	2,6	2,6	2,6	3,9	4,73	6,7	7,23	6,7	4,73	4,73	3,9	$P_{\Sigma_{\text{кс}(t)}}$
12-13	13-14	14-15	15-16	16-17	17-18	18-19	19-20	20-21	21-22	22-23	23-24	Жаз
3,62	4,41	5,39	5,39	5,88	6,76	7,64	8,23	8,23	7,25	5,88	5,88	P(t)
0,082												$\Delta P_{\text{тұр}}$
0,041												$\Delta P_{\text{ө.к}}$
0,13	0,2	0,3	0,3	0,35	0,47	0,6	0,7	0,7	0,54	0,35	0,35	$\Delta P_{\text{айн}}$
3,9	4,73	5,81	5,81	6,35	7,35	8,36	9	9	8	6,35	6,35	$P_{\Sigma_{\text{кс}(t)}}$

3.1 Жүктемелер ұзақтығы бойынша жылдық график

Бұл график әр түрлі жүктемелермен бір жыл аралығында қондырғы жұмысының ұзақтығын көрсетеді. Ордината осі бойынша сәйкес масштабта жүктемені, ал абцисса осі бойынша – 0-ден 8760 дейін жыл сағаттарын тұрғызады. Жүктемелерді графикте олардың P_{max} -нан P_{min} дейін кему ретімен орнатырылады.

Қыс пен жаз маусымдық жыл уақыттарының ұзақтығы сәйкесінше 200 және 165 күнді құрайды деп қабылданған.

Жүктемелер ұзақтығы бойынша графигі қондырғының техника-экономикалық көрсеткіштерін, электр энергия шығындарын есептегенде, бір жыл аралығындағы жабдықтардың пайдалануын бағалағанда және т.б. қолданады.

Ұзақтығы бойынша жылдық график жиынтық жүктеме графиктерінің проекциясы болып келеді.

Кесте 4.3

Жылдық ұзақтық графигін тұрғызуға арналған мәндер

P, МВт	T, сағат	$W_{\text{мұт}}$, МВт·сағ
1	2	3
11	400	4400
10,34	200	2068
9,77	200	1954
9,75	200	1950
9,177	200	1835,4
9	330	2970
8,6	600	5160
8,36	165	1379,4
8	165	1320
7,5	800	6000
7,48	200	1496
7,35	165	1212,75
7,23	165	1192,95
6,7	330	2211
6,4	200	1280
6,35	495	3143,25
5,81	330	1917,3
5,5	200	1100
5,3	200	1060
4,74	400	1896
4,73	660	3121,8
4,22	400	1688
4	600	2400
3,9	660	2574
2,6	495	1287
Барлығы	8760	55329,85

4. Қондырғының техника-экономикалық көрсеткіштері

Активті жүктеме графигі қисығымен шектелген, аудан қарастырылып жылда тұтынушыларға қосалқы станция шиналарынан жіберілген энергияға тең.

$$W_n = \sum_{i=1}^n P_i \cdot T_i$$

мұндағы P_i -графиктің i -сатысындағы қуаты, T_i -сатының ұзақтығы.

Қыс мезгілі үшін:

$$W_n = 171,43 \cdot 200 = 34286 \text{ МВт·сағат};$$

Жаз мезгілі үшін:

$$W_n = 135,33 \cdot 165 = 22329,45 \text{ МВт·сағат};$$

Толық қуаты:

$$W_m = 56615,45 \text{ МВт·сағат};$$

Қарастырылып отқан период үшін қондырғының орташа жүктемесі тең:

$$P_{\text{орт}} = \frac{W_m}{T}$$

Мұндағы: T – қарастырылатын мерзімнің ұзақтығы, W_m - қарастырылатын мерзім электр энергиясы

$$P_{\text{орт}} = \frac{W_m}{T} = \frac{56615,45}{8760} = 6,46 \text{ МВт}$$

Қондырғының жұмыс істеу графигінің біркелкі еместігін толтыру коэффициентімен бағаланады:

$$K_{\text{мол}} = \frac{W_m}{P_{\text{max}} \cdot T}$$

Жаз мезгілі үшін:

$$K_{\text{мол}} = \frac{W_m}{P_{\text{max}} \cdot T} = \frac{56615,45}{8760 \cdot 9,8} = 0,66$$

Жаз мезгілі үшін:

$$K_{mol} = \frac{W_m}{P_{max} \cdot T} = \frac{56615,45}{8760 \cdot 8,23} = 0,78$$

Жүктеме графигінің толтырылу коэффициенті, қондырғының жүктемесі барлық уақытта максималды болған жағдайда, қарастырылып отырған мерзімдегі шинадан жіберілген электрэнергия көлемі қанша есе дәл осы уақытта қосалқы станция шиналарынан жіберілген электрэнергия көлемінен аз екенін көрсетеді. График біркелкі болған сайын K_{mol} – мәні бірге жақын болады.

$$T = \frac{W_m}{P_{max}} = \frac{P_{opt} \cdot T}{P_{max}} = K_{mol} \cdot T$$

Бұл шама W_m – электр энергияның нақты көлемін қосалқы станция шиналарынан жіберу үшін, T – қарастырылған мерзімде қанша сағат қондырғы тұрақты максималды жүктемемен жұмыс істеу керектігін көрсетеді.

Жаз мезгілі үшін:

$$T = \frac{W_m}{P_{max}} = \frac{56615,25}{9,8} = 5777 \text{ сағат};$$

Жаз мезгілі үшін:

$$T = \frac{W_m}{P_{max}} = \frac{56615,25}{8,23} = 6879 \text{ сағат};$$

5. «Старый город» қосалқы станция трансформаторларының қуаты мен санын таңдау

Қосалқы станцияға орнатылған трансформаторлар саны берілгеніне байланысты және тұтынушылар құрамының есебімен екеуге тең деп қабылданады.

Трансформаторлардың алғашқы есептік қуатын шығарамыз. Ол формула бойынша анықталады:

$$S_{н. есеппік} = \frac{S_{max}}{K_{ас. жүк}} = \frac{13,35}{1,4} = 9,53 \text{ МВ} \cdot \text{А}$$

Апатты асқын жүктелу коэффициенті $K_{ас. жүк} = 1,4$ тең деп қабылдаймыз. Алдын-ала 10 МВ·А трансформаторды қабылдаймыз.

Әр сағат үшін толық қуаттарды анықтаймыз:

$$S_{(t)} = P_{(t)} \sqrt{1 + tg\varphi^2}$$

$$S_{1(t)} = 11 \sqrt{1 + 0,688^2} = 13,35 \text{ МВА}$$

Кесте 5.1

Әр сағат үшін толық қуат мәндері, МВА

Уақыт аралығы,сағат	Қосалқы станцияға	Бір трансформаторға
0-1	13,36	6,68
1-2	9,7	4,85

2-3	9,7	4,85
3-4	9,7	4,85
4-5	11,5	5,75
5-6	18,14	9,07
6-7	20,86	10,43
7-8	22,26	11,13
8-9	18,2	9,1
9-10	12,86	6,43
10-11	11,5	5,75
11-12	10,24	5,12
12-13	10,24	5,12
13-14	15,52	7,76
14-15	18,2	9,1
15-16	20,88	10,44
16-17	23,66	11,83
17-18	26,7	13,35
18-19	26,7	13,35
19-20	25,1	12,55
20-21	23,7	11,85
21-22	20,88	10,44
22-23	18,2	9,1
23-24	18,2	9,1

5.1 Трансформаторлардың аса жүктелу қабілетін анықтаймыз.

Трансформатор қатын таңдағанда олардың тек номиналды қуаты ескерілмейді, себебі оның орналасуы сыртқы орта температурасы да әсер етеді. Трансформатор жүктемесі тәулік ішінде өзгереді және егер максималды жүктеме бойынша қуатты таңдасақ, төмендеу кезеңдерінде оның трансформаторы жүктелмей қалады. Егер трансформатор жарты күн номиналды жүктемеден төмен жүктелсе қалған жарты күн асқын жүктемеге шыдамды болатыны тәжірибеден көруге болады. Әр түрлі режимдердің критериясы трансформатор оқшаулағыштарының ескеруі болып келеді.

Трансформатор жүктелу қабілеті – бұл шамадан артық жүктелу мен рұқсат етілген жүктеме жиынтығы.

Рұқсат етілген жүктеме – бұл ұзақ мерзімді жүктелу кезінде жұмыстың номиналды режиміне сәйкес келетін ескіруден аспайтын, қызудан болатын орама оқшаулағыштарының есептік ескіруі.

Трансформатор шамадан тыс жүктелуі – бұл ұзақ мерзімді жүктелу кезінде жұмыстың номиналды режиміне сәйкес келетін ескіруден асып түсетін, қызудан болатын орама оқшаулағыштарының есептік ескіруі. Мұндай режим трансформатордың номиналды қуатынан жүктеме көп болғанда немесе қоршаған ортаның температурасы қабылданған есептік температурадан көп болғанда пайда болады.

Трансформатордың рұқсат етілген жүйелі асқын жүктелуі оның номиналды қуатынан көбірек және тәулік ішіндегі жүктеменің біркелкі еместігінің есебінен пайда болуы мүмкін. Жүктелмей қалған оқшаулағыштардың ескіруі аз болады, ал асқын жүктелу кезінде біршама жоғарылайды.

5.2 Қосалқы станцияның жүктемесінің эквивалентті графигін тұрғызу

Трансформатордың рұқсат етілген жүйелі асқын жүктелуін есептеу үшін нақты графигі эквивалентті екі сатылыға түрлендіріледі. Графикте асқын жүктеме деп жылулық импульс аталады.

$$K_1 = \frac{1}{10} \sqrt{\frac{11^2 + 10,34^2 + 9,77^2 + 9,75^2 + 9,17^2 + 9^2 + 8,6^2 + 8^2 + 8,36^2 + 7,5^2}{10}} = 0,92$$

$$K_2 = \frac{1}{10} \cdot \sqrt{\frac{11^2 + 10,34^2}{2}} = 1,067$$

Трансформатор қуаты бойынша $v_{cat} = 20^\circ\text{C}$ ортаның эквивалентті температурасындағы сызба нөмірін таңдаймыз. Көбірек жылулық импульсінің асқын жүктелу жүктемесінің уақыты 2 сағатты құрайды. Абцисса осінде $K_1 = 0,92$ мәнін белгілейміз, желі графигіне 2 сағатты проекциялаймыз және $K_2 = 1,067$ деп аламыз. Асқын жүктеме режимінде трансформатор жұмысы

шартынан $K_2 \leq K_{2p.e} (1.067 \leq 1.34)$ шарты орындалуы керек. Бұл шарт орындалады сондықтан осы 10 МВ·А қуатты трансформаторды таңдаймыз.

ТК және ЖК желі сымдарының қимасы мен маркасын таңдау үшін келесі параметрлерді есептеу керек:

Ток күшінің максималды мәні мына формуламен анықталады:

$$I_{max} = \frac{S_{max}}{\sqrt{3} \cdot U_1};$$

$$I_{max} = \frac{13,35 \cdot 10^3}{\sqrt{3} \cdot 110} = 70,15 \text{ A}$$

Максималды қуат:

$$S_{max} = 13.35 \text{ МВ} \cdot \text{А}$$

Өткізгіштің экономикалық қимасы формуласы:

$$F_{эк.} = \frac{I_{max}}{j_{эк.}};$$

$j_{эк.} - i$ токтың экономикалық тығыздығы, шартты максималды жүктеме ұзақтығы Орта Азияда, Орталық Сібірде қолданылатын болатты алюминьді және алюминьді сымдар үшін $j_{эк.} = 1,3 \text{ A/мм}^2$.

$$F_{эк.} = \frac{70,15}{1,3} = 54 \text{ мм}^2$$

Конструктивті ойлармен АС-70 қималы сымдарды қабылдаймыз.

Номиналды қимасы, мм^2 (алюминий/болат)-70/12

Сымның диаметрі $d=15,4 \text{ мм}$

Сымның радиусы $r=7,7 \text{ мм}$

$R_0=0,428 \text{ Ом/км}$ 20°C кезіндегі активті кедергісі

$X_0=0,433 \text{ Ом/км}$ индуктивті кедергісі

Бөлме сыртында рұқсат етілген тоқтық жүктеме $I_{рұқ.}=610 \text{ А}$

$D_{орт} = 3,5 \text{ м} = 350 \text{ см}$ сымдар арасындағы орта геометриялық қашықтық

6 "Старый город" қосалқы станциясының электрлік қосылу сұлбасын таңдау

Қосалқы станциясының электрлік қосылуларының негізгі сұлбасы - негізгі электр қондырғыларының, құрама шиналардың, трансформаторлардың, коммутациялық және басқа да бірінші реттік аппараттардың арасындағы өзара байланыстар жиынтығы.

Негізгі сұлбаны таңдау - қосалқы станцияның электр бөліктерін жобалау кезінде анықтаушы рөл атқарады, себебі ол элементтердің толық құрамын және олардың арасындағы байланысты анықтайды. Қосалқы станциясының таңдалған негізгі сұлбасы басқа сұлбаларды (электрлік қосылулардың принципіалды сұлбаларын, өзіндік мұқтаж сұлбасын, екінші реттік қосылулар сұлбасын) тұрғызудың негізі болады.

Қосалқы станциялардың сұлбасын таңдағанда (желілер мен трансформаторлардың) қосылым санын n , сенімділік талаптарын және пайдалану кезіндегі ауыстырып қосудың қарапайымдығын есептеу керек. Сонымен қатар қосалқы станциялардың сұлбасын максималды қарапайымдатуға ынталану керек. Қосалқы станциялардың бағасының едәуір бөлігін ажыратқыштардың бағасы құрайды.

Торапқа қосылу әдісі бойынша қосалқы станциялар түпкі, тармақталған, өтпелі, түйіндік түрлерге бөлінеді. Қолданылуы бойынша тұтынушы және жүйелік қосалқы станциялар деп бөлінеді.

Қосалқы станциясының электрлік қосылуларының негізгі сұлбасын таңдағанда энергожүйесінің электр тораптарының даму немесе ауданды электрмен жабдықтау сұлбасын ескеру керек.

7. Қысқа тұйықталу токтарын есептеу

7.1 Қысқа тұйықталу туралы қысқаша мәліметтер

Қысқа тұйықталу деген - ол электр қондырғы сымдарының фазаларының арасындағы тұйықталулар, нейтралі толық және эффективті жерлендірілген тораптардағы фазаның жерге тұйықталуы және электр машиналар орамалары арасындағы тұйықталулар.

Өткізгіштер және түйіспелер арқылы қысқа тұйықталу токтары өткенде электрэнергия шығыны көбейеді, осының нәтижесінде олар жоғары температураға дейін қызады. Қызу оқшауламаның тез ескіріп бұзылуын жылдамдатады және түйіспелердің жануына, шиналар мен өткізгіштердің механикалық беріктілігінің төмендеуіне келтіреді. Өткізгіштер мен аппараттар термикалық берік болу керек, яғни берілген есептік уақыт ішінде қысқа тұйықталу әсерінен пайда болатын қызуға зақымданусыз шыдау керек.

Қысқа тұйықталу токтары өткен кезде өткізгіштер арасында электр динамикалық күштер пайда болады. Егер осы күштерге қарсы қарсы шаралар қолданбаса, олардың әсерінен ток өткізгіштері мен олардың оқшауламалары бұзылуы мүмкін. Ток өткізгіштері, аппараттар мен электр машиналары электр динамикалық берік болуы керек, яғни қысқа тұйықталу әсерінен пайда болатын күштерге төзімді болуы керек.

Қысқа тұйықталулар электр тораптарындағы, әсіресе зақымдалу орнына жақын жерлерде, кернеу деңгейін төмендетеді.

Қысқа тұйықталу токтарын есептеу электр қондырғылардың параметрлерін таңдау немесе тексеру үшін, релелік қорғаныс пен автоматиканы таңдау немесе тексеру үшін керек.

Қорек көзінің қорытынды ЭҚК мен қорытынды кедергісі Ом заңымен қысқа тұйықталу тогының $I_{n.o}$ периодтық құраушысын есептейді. Содан кейін соққы тогын, ал қажет болса берілген t уақыт мезгіліндегі қысқа тұйықталу тогының периодикалық және аperiodтық құраушыларын есептейді.

Есептеулерді жеңілдету үшін есептеу сұлбасында шиналардағы кернеудің нақты шамаларының орнына кернеудің орта U_{opt} мәнін көрсетеді: 515; 340; 230; 115; 37; 10,5; 6,3 кВ. Әр электрлік сатыға орта кернеуді қабылдағаннан кейін барлық элементтердің номинальді кернеуін осы сатыдағы орта кернеуге тең деп есептейді.

Қысқа тұйықталу тогы келесі формула арқылы есептеледі:

$$I_{n.o} = \frac{U_{opt}}{\sqrt{3} \cdot X}, A$$

мұндағы U_{opt} - қысқа тұйықталу нүктесіндегі орта кернеуі,кВ;
 X - жүйенің кедергісі, Ом.

Егер кедергі салыстырмалы бірлікте берілген болса, онда формула мына түрге келеді:

$$I_{n.o} = \frac{I}{X_{(ном)}^i} I_{ном}, A,$$

мұндағы $X_{(ном)}^i$ - жүйенің салыстырмалы кедергісі, с.б. ;

$I_{ном}$ -қысқа тұйықталу пайда болған трансформатордың номинал тогы, А

Соққы ток, әдетте, қысқа тұйықталу басталғаннан кейін 0,01 секундтан кейін пайда болады.

Соққы тогы келесі формула арқылы есептеледі [3, 13, 14] :

$$i_c = \sqrt{2} \cdot I_{n.o} \cdot K_c, A,$$

мұндағы $I_{n.o}$ - қысқа тұйықталу құраушысының бастапқы мәні, А;

K_c - қысқа тұйықталу тогының аperiodикалық құраушысының өшуінің уақыт тұрақтысынан тәуелді соққы коэффициенті.

T_a уақыт тұрақтысы мен K_c коэффициенті арасында келесі қатынас бар [13,14]:

$$K_c = 1 + e^{-0,01/T_a}$$

Өткізгіштер бойымен қысқа тұйықталу тогы өткенде, оларды электр динамикалық әсерге тексереді.

ЭҚК - не сәйкес [1], иілмелі сымдарда соққы тогының шамасы 50 кА-дан жоғары болған кезде оларды шатасуына тексеру керек.

Қысқа тұйықталу процесінің ұзақтығы, әдетте, өте аз (бірнеше секунд) болғандықтан, өткізгіште бөлінетін жылу қоршаған ортаға беріліп үлгермейді де өткізгіштің қызуын туғызады.

Қысқа тұйықталу тогы жұмыс режиміндегі тогынан өте көп болғандықтан, өткізгіштердің қызуы мен деформациясына келтіретін қауіпті шамаларға дейін өсуі мүмкін. Өткізгіштің термиялық беріктілік критерийі - оның қысқа тұйықталу токтарының әсерінен қызуының рұқсат етілген температурасынан аспауы.

7.2 «Старый город» қосалқы станциясындағы қысқа тұйықталу токтарын есептеу

Трансформаторлардың қысқа тұйықталу тогын ол «Гурьев» ҚС-нан қоректенетін және «АТЭЦ» АТҚ-нан қоректенетін кезінде есептейміз.

Трансформатордың және желінің кедергісін есептеу

Кесте

Таңдалған трансформатор	ЖК кернеуі,кВ	ТК кернеуі,кВ	Номиналды қуат, МВ·А	Шығындар		ҚТ кернеуі,%
				$P_{қ.т.}$	$P_{х.х.}$	
ТДН-10000/110	115	11	10	60	18	10,5

Трансформатордың актив кедергісінің формуласы:

$$P_{қ.т.} = \frac{\Delta P_{қ.т.} \cdot U_n^2 \cdot 10^3}{S_n^2}$$

Жоғарғы кернеу жағы:

$$R_{T1} = \frac{60 \cdot 115^2 \cdot 10^3}{10000^2} = 7,935 \text{ Ом}$$

Төмен кернеу жағы:

$$R_{T2} = \frac{60 \cdot 11^2 \cdot 10^3}{10000^2} = 0,0726 \text{ Ом}$$

Трансформатордың актив кедергісінің формуласы:

$$X_T = \frac{U_K \cdot U_n^2 \cdot 10}{S_H}$$

Жоғарғы кернеу жағы:

$$X_T = \frac{10,5 \cdot 115^2 \cdot 10}{10000} = 138,86 \text{ Ом}$$

Төмен кернеу жағы:


$$X_{T2} = \frac{10,5 \cdot 11^2 \cdot 10}{10000} = 1,27 \text{ Ом}$$

Желінің параметрлерін және қысқа тұйықталу токтарын есептеу

Жүйе шиналарындағы қысқа тұйықталу қуаты $S_{к.т.} = 750 \text{ МВ} \cdot \text{А}$

Сурет 7.1

Алдымен электр тізбегінің орынбасу сұлбасын тұрғызамыз.



Энергожүйенің индуктивті кедергісі формуласы:

$$X_{ж} = \frac{U_H^2}{S_{қ.т.}}$$

Жоғарғы кернеу жағы:

$$X_{ж.жк} = \frac{115^2}{750} = 17,63 \text{ Ом}$$

Төмен кернеу жағы:

$$X_{ж.тк} = \frac{11^2}{750} = 0,161 \text{ Ом}$$

Желінің активті кедергісі:

$$R_{ж} = R_0 \cdot L = 0,428 \cdot 6 = 2,568 \text{ Ом}$$

Желінің индуктивті кедергісі:

$$X_{ж} = X_0 \cdot L = 0,433 \cdot 6 = 2,598 \text{ Ом}$$

Мұндағы L – желінің ұзындығы 6 км тең.


K_1 – нүктесінде желінің жалпы кедергісін шығарамыз:

$$Z_1 = \sqrt{R_{ж}^2 + (X_{ж} + X_{ж.жк})^2} = \sqrt{2,568^2 + (2,598 + 17,63)^2} = 20,39 \text{ Ом}$$

ЖК жақтағы қысқа тұйықталудың үш фазалы тогы:

$$I_{қ.т.}^3 = \frac{U_H}{\sqrt{3} \cdot Z_1} = \frac{115 \cdot 10^3}{\sqrt{3} \cdot 20,39} = 3260 \text{ А}$$

Сурет 7.2 Трансформаторлардың жеке жұмысы кезіндегі электр тізбегінің орынбасу сұлбасы



K_1 – нүктесінде желінің жалпы кедергісін шығарамыз:

$$Z_1 = \sqrt{R_{жс}^2 + (X_{жс} + X_{жс.жск})^2} = i \sqrt{2,568^2 + (2,598 + 17,63)^2} i = 20,39 \text{ Ом}$$

ЖК жақтағы қысқа тұйықталудың үш фазалы тогы:

$$I_{қ.т.}^3 = \frac{U_H}{\sqrt{3} \cdot Z_1} = \frac{115 \cdot 10^3}{\sqrt{3} \cdot 20,39} = 3260 \text{ A}$$

K_2 – нүктесіне активті және реактивті кедергіні келтіреміз.

$$R_{жс}^i = R_{жс} \left(\frac{U_{жск}}{U_{тк}} \right)^2 = 2,568 \left(\frac{11}{115} \right)^2 = 0,023 \text{ Ом}$$

$$X_{жс}^i = X_{жс} \left(\frac{U_{жск}}{U_{тк}} \right)^2 = 2,598 \left(\frac{11}{115} \right)^2 = 0,024 \text{ Ом}$$

K_2 – нүктесіндегі желінің жалпы кедергісін шығарамыз.

Желінің активті және реактивті кедергісін үшке бөлеміз, өйткені үш кірме желі

$$R_{ж}=(R_0 \cdot L)=2,568/3=0,856 \text{ Ом}$$

$$X_{ж}=(X_0 \cdot L)=2,598/3=0,866 \text{ Ом}$$

мұндағы L – желінің ұзындығы 6 км тең.

K_2 – нүктесінде желінің жалпы кедергісін шығарамыз.

$$Z_{\Sigma 1}=\sqrt{R_{ж}^2+(X_L+X_C)^2}=\sqrt{0,856^2+(0,866+17,63)^2}=18,51 \text{ Ом}$$

Жоғары кернеу жақтағы қысқа тұйықталудың үш фазалы тогы:

$$I_{к.т.}=\frac{U_H}{\sqrt{3} \cdot Z_{\Sigma 1}}=\frac{11 \cdot 10^3}{\sqrt{3} \cdot 18,51}=343,51 \text{ А}$$

T_a – қысқа тұйықталу тогының апериодикалық құраушысының сөну уақытына тұрақтысы, келесі формула арқылы анықталады:

$$T_a=\frac{X}{W \cdot R};$$

$$W=2 \cdot \pi \cdot f=2 \cdot 3,14 \cdot 50=314$$

Жоғарғы кернеу жағы:

$$R_{\Sigma 1}=R_{ж}=2,568 \text{ Ом}$$

$$X_{\Sigma 1}=X_{ж}+X_{ж.жк}=2,598+17,63=20,22 \text{ Ом}$$

$$T_{a1}=\frac{X_{\Sigma 1}}{W \cdot R_{\Sigma 1}}=\frac{20,22}{314 \cdot 2,568}=0,025$$

Төменгі кернеу жағы:

$$R_{\Sigma 2}=R_{ж}^i+R_{T2}=0,023+0,0726=0,0956 \text{ Ом}$$

$$X_{\Sigma 2}=X_{ж}^i+X_{ж.тк}+X_{T2}=0,18+0,161+0,27=0,611 \text{ Ом}$$

$$T_{a2}=\frac{X_{\Sigma 2}}{W \cdot R_{\Sigma 2}}=\frac{0,611}{314 \cdot 0,0956}=0,2078$$

Қысқа тұйықталу тогының апериодикалық құраушысының сөну уақыты тұрақтысына тәуелді, екпінді коэффициентті формула бойынша табамыз:

$$K_y = 1 + e^{\frac{-0,01}{T_a}}$$

Жоғарғы кернеу жағына:

$$K_{y1} = 1 + e^{\frac{-0,01}{0,025}} = 1,491$$

Төменгі кернеу жағына:

$$K_{y2} = 1 + e^{\frac{-0,01}{0,0278}} = 1,432$$

Екпінді ток, екпінді коэффициентін ескеріп, мына формула арқылы анықталады:

$$I_c = \sqrt{2} I_{\text{қ.м.}} \cdot K_y$$

Жоғарғы кернеу жағы үшін:

$$I_{c1} = \sqrt{2} I_{\text{қ.м.}} \cdot K_{y1} = \sqrt{2} \cdot 3260 \cdot 1,491 = 6854 \text{ A}$$

Төменгі кернеу жағы үшін:

$$I_{c2} = \sqrt{2} I_{\text{қ.м.}} \cdot K_{y2} = \sqrt{2} \cdot 343,51 \cdot 1,432 = 693,58 \text{ A}$$

8. Қосалқы станцияның қондырғыларын және шинасын таңдау

Қажет жабдықтарды таңдау қабылданған электр жалғанымдар сұлбасы негізінде жасалады. ТК және ЖК жақтарына электржабдықтарды таңдамастан бұрын, жұмыс токтарын есептеп алу қажет, соларға сүйене отырып қосалқы станция аппаратурасы таңдалатын болады. Жұмыс токтары формуламен шығарылады:

$$I_{\max} = I_{\text{жүм}} = \frac{S_{\max}}{\sqrt{3} \cdot U}$$

Жоғарғы кернеу жағы үшін:

$$I_{\max 1} = \frac{S_{\max}}{\sqrt{3} \cdot U_1} = \frac{13,35 \cdot 10^3}{\sqrt{3} \cdot 110} = 70,15 \text{ А}$$

Төмен кернеу жағы үшін:

$$I_{\max 2} = \frac{S_{\max} \cdot 10^3}{\sqrt{3} \cdot 10} = 771 \text{ А}$$

Төмен кернеу жағындағы жұмыс тогы 3,7 кА құрайды. Бұндай мәнді ток үшін айырғыштарды, ажыратқыштарды таңдау мүмкін емес, өйткені сәйкес жабдықтар жоқ. Төмен кернеу жағындағы жұмыс тогын азайту үшін қабылданған күштік трансформаторды төмен кернеулі орамалары тарамдалған трансформаторға ауыстырамыз.

Сәйкесінше, төмен кернеу жағы үшін жұмыс тогы формуламен шығарылады:

$$I_{\max 2} = \frac{S_{\max}}{\sqrt{3} \cdot U_2 \cdot 2} = \frac{13,35 \cdot 10^3}{\sqrt{3} \cdot 11 \cdot 2} = 351 \text{ А}$$

8.1 Ажыратқыштар мен айырғыштарды таңдау

Ажыратқыштар мен айырғыштарды таңдағанда біз сүйенетін, негізгі параметрлер:

1. U_n - номиналды кернеу;
2. $I_{\text{ж}}$ - номиналды (жұмыс) тогы;
3. $I_{\text{ек}}$ - екпінді (шектік өтпелі) ток;

4. $V_{т.т}$ - термиялық төзімділік;

5. $I_{а.н.т}$ -ажыратудың номиналды тогы, ажыратқыштар үшін ғана шығарылады.

Жоғары кернеу жағына ажыратқыштарды таңдау

Кернеуі 110/10 кВ «Старый город» ҚС-ның 110 кВ жағына он бір ЗАР1 ДТ-123 бакты элегазды ажыратқышты таңдаймыз.

$$I_{ном} = 67 \text{ А}$$

Таңдау шарттары:

Қондырғының кернеуі бойынша

$$U_{орн} \leq U_{ном}$$

$$110 \leq 115 \text{ кВ}$$

Ұзақ ток бойынша

$$I_{норм} \leq I_{ном}$$

$$70,15 \leq 1250;$$

Ажырату қабілеті бойынша

$$B_k \leq I_{тер}^2 t_{тер};$$

$$B_k = I_{н.о}^2 (t_{ажр} + T_a)$$

мұндағы B_k – есептеу бойынша табылатын жылулық импульс, $кА^2 \cdot с$;

$I_{тер}$ - термиялық беріктіліктің шекті тогы, кА;

$t_{тер}$ - термиялық беріктілік бойынша шекті токтың ағу ұзақтығы, с;

$I_{п.о}$ - үш фазалы қысқа тұйықталу тогының апериодикалық құраушысы, кА

T_a – үш фазалы қысқа тұйықталу тогының апериодикалық құраушысының өшуінің уақыт тұрақтысы, $T_a = 0,0278$ с;

$t_{ажр}$ – ажыратқыштың ажыратылуының толық уақыты;

110 кВ ЗАР-1 ДТ-123 бакты элегазды ажыратқыш

кесте

Таңдау шарттары	Есептік мәліметтер	Каталогты мәліметтер
$U_{орн} \leq U_{ном}$	110 кВ	123 кВ
$I_{норм} \leq I_{ном}$	70,15 А	1250 А
$B_k \leq I_{тер}^2 t_{тер}$	42,51 $кА^2 \cdot с$	4800 $кА^2 \cdot с$
$I_c \leq I_{дин}$	6,854 кА	40 кА

Жоғарғы кернеу жағына айырғыштарды таңдау

«Старый город» қосалқы станциясының 110 кВ жағына айырғыштарды таңдаймыз.

Жөндеу жұмыстары кезінде айырғышпен кернеуі бар бөліктермен және жөндеу жұмыстарына шығарылған қондырғылар контактілері арасында

көрінетін ара-қашықтық жасалады. Айырғыштармен жүктеме тогын өшіруге болмайды, себебі контакт жүйесі доға сөндіретін құрылғымен жабдықталмаған және де жүктеме тогын қателесіп сөндірген жағдайда тұрақты доға пайда болады да, ол фаза аралық қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін. Айырғышпен операция жасар алдында тізбек ажыратқышпен ажыратылуы керек.

Айырғышты таңдау:

қондырғының кернеуі бойынша;

$$U_{орн} \leq U_{ном};$$

$$110 \leq 115 \text{ кВ}$$

ток бойынша:

$$I_{норм} \leq I_{ном};$$

$$67 \leq 1250;$$

$$I_c \leq I_{шек};$$

мұндағы $I_{шек}$, $I_{пр.с}$ – қысқа тұйықталудың шектік тесу тогы (амплитудасы және әсер етуші мәні)

$$I_c = 6,854 \text{ кА} \leq I_{шек} = 80 \text{ кА}$$

термиялық беріктілігі бойынша:

$$B_k \leq I_{тер}^2 t_{тер} = (31,5)^2 \cdot 4 = 3969 \text{ кА}^2 \cdot \text{с}$$

мұндағы B_k – есептеу бойынша табылатын жылулық импульс, $\text{кА}^2 \cdot \text{с}$

$I_{тер}$ - термиялық беріктіліктің шекті тогы, кА;

$t_{тер}$ - термиялық беріктілік бойынша шекті токтың ағу ұзақтығы, с;

РНД(З)-110У/1000 типті айырғыш таңдалады

Кесте

Таңдау шарттары	Есептік мәліметтер	Каталогты мәліметтер
$U_{орн} \leq U_{ном}$	110 кВ	123 кВ
$I_{норм} \leq I_{ном}$	70,15 А	1000 А
$B_k \leq I_{тер}^2 t_{тер}$	42,51 $\text{кА}^2 \cdot \text{с}$	3969 $\text{кА}^2 \cdot \text{с}$
$I_c \leq I_{дин}$	6,854 кА	31,5 кА

Төменгі кернеу жағына ажыратқыштарды таңдау

Тұтынушыларды қоректендіретін, төмен кернеу жағына ажыратқыштарды таңдау үшін, тұтынушылардың желі санын, төмен кернеу желісінің кернеуін, кәсіпорынның максималды қуатын есепке алып, жұмыс токтарын формуламен шығару қажет:

Таңдау шарттары:
Қондырғының кернеуі бойынша

$$U_{орн} \leq U_{ном}$$

$$10 \leq 12 \text{ кВ}$$

Ұзақ ток бойынша

$$I_{норм} \leq I_{ном}$$

$$702 \leq 1000 \text{ А};$$

Ажырату қабілеті бойынша

$$B_k \leq I_{тер}^2 t_{тер};$$

$$B_k = I_{н.о}^2 (t_{ажр} + T_a)$$

мұндағы B_k – есептеу бойынша табылатын жылулық импульс, $кА^2 \cdot с$;

$I_{тер}$ - термиялық беріктіліктің шекті тогы, $кА$;

$t_{тер}$ - термиялық беріктілік бойынша шекті токтың ағу ұзақтығы, $с$;

$I_{п.о}$ - үш фазалы қысқа тұйықталу тогының апериодикалық құраушысы, $кА$

T_a – үш фазалы қысқа тұйықталу тогының апериодикалық құраушысының өшуінің уақыт тұрақтысы, $T_a = 0,0278 \text{ с}$;

10 кВ ВВ/TEL-10-20/1000 вакуумды ажыратқышын таңдаймыз

кесте

Таңдау шарттары	Есептік мәліметтер	Каталогты мәліметтер
$U_{орн} \leq U_{ном}$	10 кВ	12 кВ
$I_{макс} \leq I_{ном}$	771 А	1000 А
$B_k \leq I_{тер}^2 t_{тер}$	89,71 $кА^2 \cdot с$	1600 $кА^2 \cdot с$
$I_c \leq I_{дин}$	0,693 кА	30 кА

Төменгі кернеу жағына айырғыштарды таңдау

Айырғышты таңдау:

қондырғының кернеуі бойынша;

$$U_{орн} \leq U_{ном};$$

$$10 \leq 115 \text{ кВ}$$

ТОК БОЙЫНША:

$$I_{\text{норм}} \leq I_{\text{ном}} ;$$

$$771 \leq 1250;$$

$$I_c \leq I_{\text{шек}} ;$$

мұндағы $I_{\text{шек}}$, $I_{\text{пр.с}}$ – қысқа тұйықталудың шектік тесу тогы (амплитудасы және әсер етуші мәні)

$$I_c = 0,693 \text{ кА} \leq I_{\text{шек}} = 80 \text{кА}$$

термиялық беріктілігі бойынша:

$$B_k \leq I_{\text{тер}}^2 t_{\text{тер}} = (31,5)^2 \cdot 4 = 3969 \text{ кА}^2 \cdot \text{с}$$

мұндағы B_k – есептеу бойынша табылатын жылулық импульс, $\text{кА}^2 \cdot \text{с}$

$I_{\text{тер}}$ - термиялық беріктіліктің шекті тогы, кА;

$t_{\text{тер}}$ - термиялық беріктілік бойынша шекті токтың ағу ұзақтығы, с;

Кесте

Таңдау шарттары	Есептік мәліметтер	Каталогты мәліметтер
$U_{\text{орн}} \leq U_{\text{ном}}$	10 кВ	10 кВ
$I_{\text{норм}} \leq I_{\text{ном}}$	771 А	1250 А
$B_k \leq I_{\text{тер}}^2 t_{\text{тер}}$	42,51 $\text{кА}^2 \cdot \text{с}$	3969 $\text{кА}^2 \cdot \text{с}$
$I_c \leq I_{\text{дин}}$	6,854 кА	40 кА

8.2 Асқын кернеу шектеуіштерін таңдау

Асқын кернеу шектеуіштерін таңдау АҚШ қолданылу ортасы бойынша анықталады.

Жоғарғы кернеу жағы үшін.

ОПН-У/TEL кернеуі 27 кВ-тан 220 кВ дейін әуе электр желілерінің коммутациялық және найзағайдан болатын асқын кернеулерден қорғау үшін арналған. Орнату тәсілі «фаза-жер» (-60...+40°C). Осы жағдайда бізге кернеу классы 35 кВ, ОПН-У/TEL қажет.

Төмен кернеу жағы үшін.

ОПН-РС/TEL 6-10 кВ әуе электр желілерін найзағайдан болатын асқын кернеулерден қорғау үшін арналған. Орнату тәсілі «фаза-жер». Бұрын РВО түрінің вентильді разрядтауыштарының қолданылуы қарастырылған болса, желінің барлық нүктелерінде пайдаланылады.

8.3 Шинаны таңдау

Жоғарғы кернеу жағына шина таңдау

